Қазақстан Республикасының ІІМ
Басқару академиясы

Академия управления
МВД Республики Казахстан

**ХАТТАМА**
№ 9
Астана қ.
18.06.2026 ж.

**ПРОТОКОЛ**
№ 9
г. Астана
18.06.2026 г.

Ғылыми-әдістемелік және
редакциялық-баспа кеңесінің отырысы

Төраға міндетін атқарушы – Кан А.Г. (кеңес мүшесі). Комиссия төрағасы мен оның орынбасарының болмауына байланысты отырыс басында қатысып отырған комиссия мүшелерінің дауыс беруі арқылы отырыс төрағасының міндетін атқарушы болып сайланды.
Хатшы – А.М. Алимханова
Қатысқандар: 19 адам (тізімі қоса беріледі).
Кеңес жүргізу үшін кворум сақталды және шешім қабылдауға құқылы.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Ғылыми зерттеу тақырыптары бойынша аралық, қорытынды есептер мен материалдарды талқылау туралы.

*ҒЗИ ІІО ІОЖІҚжККҚІЗО аға ғылыми қызметкері, полиция майоры А.Б. Мусинннің, ҒЗИ ІІО ҚҚЖМЗО бастығы, полиция подполковнигі Д.К.Райбаевтың, ЖД кафедрасының бастығы, полиция полковнигі Е.М. Баймухановтың, ҒЗИ ТАМЗО бастығы, полиция подполковнигі А.М. Жусипбекованың, ҒЗИ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Е.М. Хакимовтың, Қоғамдық және пенитенциарлық қауіпсіздік факультетінің бастығы, полковник Н.К. Бектурсыновтың, ҒЗИ бастығы, полиция полковнигі Э.А. Алимованың, ҒЗИ ЗТжОҚҚСҚЗО бастығы, полковник А.Ж. Кокиевтың, Арнайы даярлық кафедрасының профессоры Б.А. Кулмуханбетованың баяндамасы.*

2. Академияның «ІІМ ғылыми журналы» ғылыми журналының кезекті нөмірін талқылау туралы.

3. «Жаһандық трансформация жағдайындағы құқық: заманауи сын-қатерлер мен даму перспективалары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағын талқылау туралы.

4. Академияның 2026 жылға арналған Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының орындалуын талқылау туралы.

5. Ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа кеңесі қызметінің есебін талқылау туралы.

6. Академияның ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа кеңесінің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасын талқылау туралы.

*ҒЗжРБЖҰ бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Ж.Ш. Кусаиновтың баяндамасы.*

Scanned with CamScanner

7. Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талқылау туралы.

*ҒЗИ ТАМЗО бастығы, полиция подполковнигі А.М. Жусипбекованың баяндамасы.*

8. «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жедел-аналитикалық жұмысының теориялық және қолданбалы аспектілері» монографиясын талқылау туралы.

*Арнайы пәндер кафедрасының доценті, полиция полковнигі А.Ш. Шалбаевтың баяндамасы.*

**1. ТЫҢДАЛДЫ:**

А.Б. Мусин – үш ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп берді:

– «Сандық платформада есірткіге байланысты контентті мониторингтеу және талдау үшін жасанды интеллектіні пайдалану»;

– «Жасанды интеллект ұйымдасқан қылмысты сандық талдау мен болжау құралы ретінде»;

– «Киберқылмыстың даму тенденцияларын талдау үшін жасанды интеллектіні пайдалану».

Жұмыс бағдарламалары шеңберінде жоспарланған барлық іс-шаралар толық көлемде және белгіленген мерзімде орындалғанын атап өтті.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

Кан А.Г. – «Киберқылмыстың даму тенденцияларын талдау үшін жасанды интеллектіні пайдалану» тақырыбы бойынша әдістемелік ұсынымдарды дайындау мен аяқтауды жеделдетуді тапсырды. Тапсырыс берушілермен Академия базасында бейінді секцияларды ұйымдастыру және өткізу мәселесін пысықтауды, сондай-ақ ағымдағы жылдың қыркүйек айына жоспарланған халықаралық конференцияға тапсырыс берушілер өкілдерінің қатысуын қамтамасыз етуді жүктеді. Өзге ескертпелер болмағандықтан, ұсынылған есепті мақұлдауды ұсынды.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Д.К. Райбаев – «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне ревизия жасау: мәселелерді талдау және ұсыныстар әзірлеу» ғылыми зерттеу тақырыбының іске асырылу барысы туралы баяндады. Талдамалық шолу, қор лекциялары мен ғылыми мақалалар дайындалғанын хабарлады. Монографияның дайындығы 80%-ды құрайды.

Сонымен қатар «ІІО басшыларын қылмыстық жауаптылыққа, оның ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін тартудың құқықтық негіздері мен практикасы» тақырыбы бойынша зерттеу толық көлемде аяқталғанын хабарлады. Кеңес мүшелерінің қарауына әдістемелік ұсынымдар мен қорытынды есеп ұсынылды.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

А.Г. Кан – ҒТК бейінді секциясының алдағы отырысын ұйымдастыру мәселелерін тапсырыс берушілермен келісуді, сондай-ақ ұсынылған талдамалық шолу бойынша ықтимал ескертпелер мен ұсыныстардың бар-жоғын нақтылауды тапсырды.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Scanned with CamScanner

Е.М. Баймуханов – «ІІО қызметінде жобалық басқаруды енгізу мен дамыту ерекшеліктері» тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелері туралы баяндады.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

А.Г. Кан – осы тақырып бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру деңгейінің жеткіліксіздігін көрсетті. Тапсырыс берушіден түскен ескертпелерді жедел жоюды және оқу құралының жобасын пысықтауды тапсырылды.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

А.М. Жусипбекова – «СДТБТ-де қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды тіркеу тәртібін жетілдіру: мәселелері және шешу жолдары» ғылыми зерттеуінің орындалу барысы туралы ақпаратпен сөз сөйледі.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

А.Г. Кан – әдістемелік ұсынымдарды сапалы пысықтауға және рецензиялауға жеткілікті уақыт қамтамасыз ету үшін оларды әзірлеуді белгіленген мерзімнен бұрын аяқтауды тапсырды.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Е.М. Хакимов – «Ақпараттық саланы реттейтін құқық нормаларын қолдану» тақырыбы бойынша жұмыс нәтижелері туралы баяндады. Әдістемелік ұсынымдардың жобасы қалыптастырылды, оны тапсырыс берушіге жіберу ағымдағы жылдың тамыз айына жоспарланған.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

А.Г. Кан – тапсырыс берушімен белсенді өзара іс-қимылды жалғастыру және ҒТК бейінді секциясының алдағы отырысына сапалы дайындалу қажеттігін атап өтті.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Э.А. Алимова – «ІІО жүйесіндегі гендерлік саясат: іске асыру мәселелері, басқару механизмдері және жетілдіру жолдары» зерттеу тақырыбы бойынша баяндама жасады.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

А.Г. Кан – әдістемелік ұсынымдардың ағымдағы дайындық деңгейін нақтылады.

Э.А. Алимова – ұсынымдардың түпкілікті редакциясы сауалнама қорытындылары шығарылғаннан кейін қалыптасатынын түсіндірді.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Н.К. Бектурсунов – «Ұлттық ұлан әскери қызметшілерін қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтік іс-әрекетке даярлау жүйесін жетілдіру» тақырыбы бойынша атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

А.Г. Кан – зерттеудің шығыс материалдарын нақтылады.

Н.К. Бектурсунов – қазіргі уақытта әдістемелік ұсынымдар дайындалып жатқанын, оларды аяқтау қыркүйек айына жоспарланғанын түсіндірді.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

А.Ж. Кокиев – екі зерттеу тақырыбының іске асырылуы туралы баяндады:

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

– «ІІО және Ұлттық ұлан бөліністерінде ҰША қолдану әдістемесін жетілдіру»;

– «ІІО қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің стресс-менеджменті құралы ретінде нейроталдау жүйесін әзірлеу».

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

А.Г. Кан – зерттеу қорытындысы бойынша қандай қолданбалы әзірлемелер тапсыруға жоспарланғанын нақтылады.

А.Ж. Кокиев – түпкілікті нәтиже «NeuroForce» мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуі және ҰША-ның модернизацияланған үлгісі болатынын атап өтті.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Б.А. Кулмуханбетова – «Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандар қылмыстылығына қарсы іс-қимылы» тақырыбы бойынша жұмыстың барысы туралы хабарлады. Ағымдағы айдың соңында «Кәмелетке толмағандар қылмыстылығына қарсы іс-қимылдағы ІІО рөлі» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізу жоспарланғанын айтты.

Отырысқа қатысушылар тарапынан баяндамашыларға сұрақтар мен ескертпелер түскен жоқ.

Төрағаның міндетін атқарушы ұсынылған есептерді мақұлдауды және күн тәртібіндегі келесі мәселелерді қарауға көшуді ұсынды.

**ШЕШТІ:**

1. Орындаушылардың ғылыми зерттеулердің аралық есептері мен материалдары бойынша ұсынған ақпараты назарға алынсын.

2. «ІІО басшыларын қылмыстық жауаптылыққа, оның ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін тартудың құқықтық негіздері мен практикасы» зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есеп пен әдістемелік ұсынымдар мақұлдансын.

3. Академияның Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарына енгізілген ғылыми зерттеу тақырыптары бойынша аралық есептер мақұлдансын.

4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындаушыларына:

– тапсырыс берушілердің ескертпелерін белгіленген мерзімде жою (Баймуханов Е.М.);

– әдістемелік ұсынымдар мен оқу құралдарын дайындауды жеделдету;

– ҒТК бейінді секциясының отырысын дайындау кезінде тапсырыс берушілермен сапалы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жүктелсін.

**2. ТЫҢДАЛДЫ:**

Ж.Ш. Кусаинов – Академияның «ІІМ ғылыми журналы» ғылыми журналының екінші нөмірінің материалдарын дайындау және қалыптастыру туралы баяндады.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

А.Г. Кан – басылымды ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК тізбесіне енгізу жоспарланып отырғанына байланысты журналға қойылатын белгіленген нормативтік талаптар ең бірінші нөмірден бастап бұлжытпай орындалуы тиіс екенін баса айтты. Шығарылымның жеткілікті дәрежеде толықтырылмау мәселесіне назар аударып, барлық қатысушыларды бұл жұмысқа белсенді

түрде араласуға шақырды. Басқа ведомстволық оқу орындарынан авторлар мен ғылыми жарияланымдарды тарту қажеттігін атап өтті.

Сапалы материалдардың жүйелі түрде түсуін қамтамасыз ету мақсатында ІІМ бөліністерінің ғылыми мақалаларды тұрақты түрде ұсыну кестесін қалыптастыру және бекіту үшін Ішкі істер министрлігіне хат дайындауды және жіберуді тапсырды.

Бұдан бөлек, келесі ұсыныстарды енгізді:

– Академияның ғылыми журналы редакциялық алқасының құрамын қайта қарау;

– материалдарды мемлекеттік және ағылшын тілдерінде жариялау жөніндегі талаптарды қатаң сақтау;

– рецензиялау тәртібін қайта қарау: түскен әрбір мақала міндетті «соқыр» (қос) рецензиялау процедурасынан өтуі тиіс. Ғылыми жарияланымдарды рецензиялау процесіне Академияның білікті қызметкерлерін белсенді түрде тарту.

Өзге ескертпелер болмағандықтан, айтылған тапсырмаларды ескере отырып, ұсынылған нөмірді мақұлдауды ұсынды.

**ШЕШТІ:**

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. «ІІМ ғылыми журналының» екінші нөмірінің жобасы ғылыми мақалалармен толықтырылу шартымен мақұлдансын.

3. ІІМ бөліністерінің ғылыми мақалаларды тұрақты түрде ұсыну кестесін қалыптастыру және бекіту туралы ҚР ІІМ-ге хат дайындалсын және жіберілсін.

4. Академияның ғылыми журналы редакциялық алқасының құрамын жаңарту және өзектендіру бойынша ұсыныстар енгізілсін.

**3. ТЫҢДАЛДЫ:**

Ж.Ш. Кусаинов – «Жаһандық трансформация жағдайындағы құқық: заманауи сын-қатерлер мен даму перспективалары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы бойынша ақпаратпен сөз сөйледі.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

А.Б. Айтуарова – басылым түрін өзгертіп, оның атауын «Материалдар жинағынан» «Ғылыми мақалалар жинағына» ауыстыру туралы ұсыныс енгізді.

А.Г. Кан – осы ұсынысты қолдады. Академия шығаратын барлық жинақтарды міндетті түрде рецензиялау процедурасын пысықтауды тапсырды. Бақылауды қамтамасыз етуді және материалдарда мемлекеттік құпияларды және қолжетімділігі шектеулі ақпаратты құрайтын мәліметтердің жоқтығы мәніне сараптама жүргізу тәртібін пысықтауды жүктеді.

Өзге ескертпелер болмағандықтан, айтылған ұсыныстарды ескере отырып, жинақты мақұлдауды ұсынды.

**ШЕШТІ:**

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. «Жаһандық трансформация жағдайындағы құқық: заманауи сын-қатерлер мен даму перспективалары» халықаралық ғылыми-практикалық

Scanned with CamScanner

конференциясының қорытындысы бойынша жинақ мақұлдансын және басылымға ұсынылсын.

3. ҒЗжРБЖҰ бөліміне (Ж.Ш. Кусаиновқа): Академия қалыптастыратын барлық жинақтар үшін міндетті рецензиялау процедурасы енгізілсін. Барлық материалдардың мемлекеттік құпияларды және құпия ақпаратты құрайтын мәліметтердің жоқтығына тексерілуі мен сараптамадан өткізілуі қатаң қамтамасыз етілсін.

**4. ТЫҢДАЛДЫ:**

Ж.Ш. Кусаинов – Академияның 2026 жылға арналған Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының орындалу барысы туралы баяндады.

Жекелей алғанда, 2026 жылдың шілде айына Д. Жармагамбетованың «Кәмелетке толмаған куәлар мен жәбірленушілердің жауаптарын депонирлеу» оқу құралын дайындау жоспарланғанын хабарлады. Орындаушының еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жоспардың осы тармағын уақтылы орындау және оны орындау тәртібін айқындау мәселесін шешу қажет.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

А.Г. Кан – кафедра бастығына бұл мәселені жеке бақылауына алуды және оқу құралын дайындау жөніндегі жоспарлы тармақтың орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

**ШЕШТІ:**

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Академияның 2026 жылға арналған ҒЗҚ жоспарының іске асырылу барысы мақұлдансын.

3. Арнайы даярлық кафедрасының бастығына (И.С. Приходько) «Кәмелетке толмаған куәлар мен жәбірленушілердің жауаптарын депонирлеу» оқу құралын дайындау мәселесі бақылауға алынсын.

**5. ТЫҢДАЛДЫ:**

Ж.Ш. Кусаинов – Академияның ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа кеңесінің есепті кезеңдегі қызметі туралы есебін ұсынды.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

А.Г. Кан – кеңес қызметі процесінде туындаған проблемалық мәселелердің бар-жоғын сұрады.

Ж.Ш. Кусаинов – проблемалық мәселелердің жоқтығын хабарлады. Есепті кезеңге жоспарланған барлық мәселелер толық көлемде қаралғанын атап өтті.

**ШЕШТІ:**

1. Ж.Ш. Кусаиновтың Академияның ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа кеңесінің қызметі туралы есебі назарға алынсын.

2. Кеңестің есепті кезеңдегі қызметі туралы ұсынылған есеп мақұлдансын.

**6. ТЫҢДАЛДЫ:**

Ж.Ш. Кусаинов – Академияның ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа кеңесінің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасын ұсынды.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

Scanned with CamScanner

Кан А.Г. – кеңестің жұмыс регламентіне Академияның Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының орындалу барысы туралы мәселені ай сайын қарауды енгізуді ұсынды. Жоспар жобасы бойынша сұрақтар мен ескертпелер болмағандықтан, құжатты мақұлдауды ұсынды.

**ШЕШТІ:**

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Академияның Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының орындалу барысын ай сайын қарау мәселесін енгізуді ескере отырып, Академияның ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа кеңесінің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасы мақұлдансын.

3. Академияның ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа кеңесінің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасы Академияның Ғылыми кеңесінің қарауына және бекітуіне жіберілсін.

**6. ТЫҢДАЛДЫ:**

А.М. Жусипбекова – кеңес мүшелерінің қарауына келесі әдістемелік ұсынымдардың жобаларын ұсынды:

– «ҚР ҚК-нің 353-бабында «Көліктегі қолданыстағы қағидаларды бұзу» көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу»;

– «ҚР ҚК-нің 174-бабында «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, сословиелік немесе діни араздықты қоздыру» көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу»;

– «Әскери қызметшілердің атыс қаруын қолдану арқылы суицид жасау фактілері бойынша қылмыстық істерді тергеуді ұйымдастыру жөнінде»;

– «ҚР ҚК-нің 317-бабында «Медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы» көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу».

Бұл әдістемелік ұсынымдар тапсырыс берушімен толық көлемде пысықталғанын және келісілгенін қосып айтты.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

А.Г. Кан – материалдардың тапсырыс берушілермен келісілгенін, сондай-ақ кеңес мүшелері тарапынан ескертпелер мен ұсыныстардың жоқтығын ескере отырып, ұсынылған әдістемелік ұсынымдарды мақұлдауды және оларды Академияның Ғылыми кеңесінің қарауына енгізуді ұсынды.

**ШЕШТІ:**

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Әдістемелік ұсынымдар мақұлдансын және Ғылыми кеңестің қарауына жіберілсін.

**6. ТЫҢДАЛДЫ:**

А.Ш. Шалбаев – кеңес мүшелерінің қарауына «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жедел-аналитикалық жұмысының теориялық және қолданбалы аспектілері» монографиясын ұсынды.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

А.Б. Мусин – ұсынылған монография бойынша сараптамалық қорытындыны оқып берді.

Scanned with CamScanner

А.Г. Кан – автор мен сарапшыға сұрақтардың бар-жоғын нақтылады. Сұрақтардың жоқтығына байланысты мәселені дауысқа қойды: «Жақтағандар» — бірауыздан.

Сонымен қатар кеңес отырыстарында оқу және ғылыми басылымдарды қарау алдында дайындау мен сараптамалық қорытынды беру үшін Академия қызметкерлері арасынан тиісті бағыттар бойынша сарапшыларды алдын ала тағайындауды тұрақты негізде енгізуді ұсынды.

**ШЕШТІ:**

1. А.Ш. Шалбаевтың ақпараты және А.Б. Мусиннің сараптамалық қорытындысы назарға алынсын.

2. «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жедел-аналитикалық жұмысының теориялық және қолданбалы аспектілері» монографиясы мақұлдансын және басып шығаруға ұсыну үшін Академияның Ғылыми кеңесінің қарауына жіберілсін.

3. ҒЗжРБЖҰ бөліміне (Ж.Ш. Кусаиновқа): Оқу және ғылыми басылымдарды кеңестің қарауына шығарар алдында бейінді бағыттар бойынша Академияның білікті қызметкерлері арасынан міндетті түрде алдын ала сарапшыларды тағайындау тәжірибесі енгізілсін.

Кеңес отырыстарының материалдарында сараптамалық қорытындылардың ұсынылуы қамтамасыз етілсін.

**Төраға міндетін атқарушы** **А. Кан**

**Хатшы** **А. Алимханова**

Scanned with CamScanner